АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ САНДЫҚТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ

«Спасское ауылының негізгі орта мектебі» КММ

# 6 сынып «Қазақ тілі мен әдебиеті Т2» пәнінің бөлімдік және тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы бойынша әдістемелік ұсыныстар.

**Мұғалім:** Алтынбекова Гаухар Ануарбековна

## №1 «Отан отбасынан басталады» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

| Сөйлеу әрекетінің түрлері | Оқылым Жазылым |
|---|---|
| Оқу мақсаты | 6.1.1.1.Тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау<br>6.2.2.1.Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебімен сөйлеу этикеті формаларын білу |
| Бағалау критерийі | - Мәтін бөліктері, тірек сөздер негізінде тақырыпты, мәселені болжайды<br>- Диалогке қатысуда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану Жоғары деңгей дағдылары |
| Орындылу уақыты | 20-25 минут |

**Оқушының аты – жөні**____________________________________________________
**Сыныбы**____________________________________________________________
**Тапсырма**
**1. Мәтінді тыңда. Төмендегі кестені толтыр. Ақпараттың дұрыс, бұрыстығын тап.**

1) **Мәтінге ат қояды ____________________________________________1 балл**

Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста бірлесіп өмір сүретін адамдар. Олар отбасында мемлекеттік заңдар мен ережелерді сақтайды. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Отбасында қалыптасқан барлық жақсы қасиеттер өмір бойына серік болады. Оны ешкім түзете алмайды.

Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ана ерекше құрметтелген. Олардың тікелей үрім-бұтақтары ата-аналарын қартайғанда қамқорлыққа алуға міндетті болған. Ата-ана балаларының тәлім-тәрбиесіне қаншалықты жауапты болса, балалар да кейін әке-шешелері қартайған шағында қамқорлық жасауға міндетті.

Қазақ отбасында әкенің орны ерекше. Әке – отбасының тірегі. Отбасы мүшелері әкені тыңдайды. Ананың орны да ерекше. Әке де, балалар да ананы сыйлайды. Әке мен шеше ақылдасып, үйленген ұлдарына енші бөледі, тұрмысқа шыққан қыздарына жасау береді. Қазақ отбасында қыздың орны да үлкен. Қызды ерекше құрметтейді.

Кенже бала - отбасындағы ең кіші бала, кіші ұл. Кенже баланың өз отбасы болса да, ата-анасымен бірге тұрады. Себебі ол – қара шаңырақтың иесі. Қара шаңырақ - үлкен үй, әке-шеше үйі. Қара шаңыраққа барлық осы отбасының балалары, туыстары жиналады. Қара шаңырақта балаға туыстарын, нағашыларын, ата-бабасын, үлкен аталарын, жеті атасын үнемі айтып отырған.

2. **Ақпараттың дұрыс, бұрыстығын тап.**

| № | Ақпарат | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1 | Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста бірлесіп өмір сүретін адамдар. | | |
| 2 | Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ананы ерекше құрметтемген. | | |
| 3 | Әке мен шеше ақылдасып, үйленген ұлдарына енші бөледі, тұрмысқа шыққан қыздарына жасау береді. | | |
| 4 | Отбасы мүшелері әкені тыңдамайды. | | |
| 5 | Қара шаңырақ - үлкен үй, әке-шеше үйі.. | | |

**2 балл**

3. **«Отан отбасынан басталады» тақырыбында диалог құрастырыңыз.**

____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________
____________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________

**3балл**

**4. Берілген Әке –шеше сөзін тәуелдеңіз.**

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

**_________1балл**

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| **Білім алушы:** | | | |
| Берілген тақырыптың негізінде мәтінге ат қояды; | 1 | | 1 |
| | | | |
| Мәтінді тыңдайды. Төмендегі кестені толтырады. Ақпараттың дұрыс, бұрыстығын анықтайды. | 2 | мәтін бойынша дұрыс , бұрыстығын анықтайды; | 2 |
| Диалогке қатысуда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады | 3 | тақырып төңірегінде диалогке қатысады; | 3 |
| Берілген Әке –шеше сөзін тәуелдейді. | 4 | Сөзді тәуелдейді | 1 |
| **Барлық балл** | | **7** | |

**6 сынып. 1-тоқсан. №2. Бөлім «Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі», «Таулар сыры»**

| Сөйлеу әрекетінің түрлері | **Оқылым Жазылым** |
|---|---|
| Оқу мақсаты | 6.3.4.1. Мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру<br>6.4.1.1. Мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу<br>6.5.1.3. Реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану |
| Бағалау критерийі | - Мәтіндердің стильдік, жанрлық ерекшелігін, түрін салыстырады<br>- Күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазады<br>- Реттік, жинақтық сан есімдерді қолданады |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану<br>Жоғары деңгей дағдылары |
| Орындылу уақыты | 20-25 минут |

**Оқушының аты – жөні**________________________________________________________

**Сыныбы**________________________________________________________________

**1-тапсырма. Мәтінді тыңда.**

Ж.Әбдірашев: «Ауыл – қаланың анасы, анасын ұмытпайды баласы» - деген екен. Ауыл – әр халықтың, соның ішінде қазақ халқының алтын бесігі, темір қазығы. Себебі қазақтың салт-дәстүрі, қазақтың қаны мен жаны сол ауылдан басталады. Ауыл еңбекшілері ауылшаруашылық еңбегі арқылы қалаға шикізаттарды өңдеп қайтарып отырады. Сондықтан да елімізді көркейтуге осы бастан өз үлестерімізді қосуға тиіспіз. Біздің еңбегіміз – қазіргі жағдайда сапалы білім алу.

**А) Мәтінге сүйене отырып, ақпараттың дұрыс, бұрыс еместігін тексеріңдер**

| № | Сөйлемдер | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1 | Ауыл – қаланың анасы. | | |
| 2 | Ауыл – қазақ халқының алтын бесігі емес | | |
| 3 | Егіншілер мал бағумен айналысады. | | |
| 4 | Қазақтың салт-дәстүрі сол ауылдан басталады. | | |
| 5 | Әйгілі арыстарымыздың бәрі де қаладан шыққан | | |
| 6 | Қалаға шикізаттарды өңдеп қайтарып отырады | | |

**2 балл**

**Ә) Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырыңдар**

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

___________________________________________________________________

_________________________________________________________________________

**3 балл**

**2-тапсырма. Мәтін**

Биігін қар көмкеріп алақанаттанып жататын Алатау – табиғаты әсем Қазақ жеріндегі ең ірі тау жоталарына жатады. Оның қазақ үшін орны бөлек. Алатауды ән-күйге қоспаған ақын-жазушы жоқ шығар, сірә…

Жер жәннаты Жетісуға көрік беріп тұрған Алатаудың қойнауы құтты – ауасы таза, шипалы судың көзі, мұнда өсімдіктің түр-түрі өседі, жануардың да түрі көп. Шыңды-құзды тау биігін қарлы шыңдар басып жатыр, қалың мұздақтар көп, тау етегінде – орман, аңғарында – шалғын. Қойнауы құпияға толы Алатау қазақ үшін биіктіктің, асқақтықтың символына айналған. Флора мен фаунаға аса бай сұлу табиғаттың Алатау аталатын ғажайыбы осы жерді мекендеген халық үшін де, келген-кеткен қонақтар үшін де үнемі сағындырып тұратын ерекше күшке ие.

**А) Мәтінге тақырып қойыңдар**

____________________________________________________________________________

**1 балл**

**Ә) Берілген «Алатау» сөзін септеңдер**

______________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________________
____________________

**1 балл**

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| **Білім алушы** | | | |
| Мәтінді тыңдайды. Төмендегі кестені толтырады. | 1– а | мәтін бойынша дұрыс , бұрыстығын анықтайды; | **2** |
| | 1– ә | Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырады | **3** |
| Берілген тақырыптың Негізінде мәтінге ат қояды; | 1– а | | **1** |
| Септік ережесімен жұмыс жасайды | 1– ә | «Алатау « сөзін септейді | **1** |
| **Барлық балл** | | **7** | |

## 6 сынып. 1-тоқсан. 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау
## Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

| *Тапсырма | Қамтылатын мақсаттар | *Тапсырмаларға сипаттама | *Тапсырмалар түрлері | *Орындау уақыты, мин | Балл |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 6.1.1.1 - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау<br>6.5.2.1 – тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау<br><br>6.1.3.1 - тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну<br>6.3.5.1 – қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама- қайшы ақпараттарды анықтау<br>6.3.4.1 – мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру<br>6.3.1.1 - мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру<br>6.3.6.1 –тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды.<br>Мәтінді тыңдау барысында мазмұнды түсінуге бағытталған бірінші, екінші және үшінші тапсырмаларда дұрыс 1 жауапты белгілейді. Төртінші тапсырмада мәтінді тыңдау барысында берілген ақпараттардың «шын», «жалған» екенін табады. Мұғалім оқушының мәтін мазмұнын түсінгенін бағалайды. Мәтіннің мазмұнына негізделген тапсырмада бос орындарға қажетті сөздерді тауып қояды, берілген сұраққа мәтін мазмұнына қарай жауап жазады. | Көп таңдауы бар сұрақтар | 2 | 1 |
| 2 | | | | 2 | 1 |
| 3 | | | Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар | 2 | 1 |
| 4 | | | | 2 | 1 |
| 5 | | | Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | 2 | 1 |
| 6 | 6.5.1.2 – лексикалықмағынасыжағынанзаттың сипатын,көлемін, салмағын, аумағынбілдіретін сын есімдерді ажыратабілу, жазба, ауызша жұмыстардақолдану<br><br>6.4.3.1 -жазба жұмыстарындатеңеу, эпитет сөздерін қолданыпжазу<br>6.5.1.3 - реттік сан есімдер менжинақтық сан есімдерді жазба,ауызшажұмыстардаорындықолдану<br>6.2.2.1 -тақырып бойыншадиалогті бастау, жалғастыру,аяқтаудың ұлттық сөз әдебі менсөйлеу этикеті формаларын білу<br><br>6.2.3.1-ауызшамәтіндерқұраудахабарлы сөйлемдердіңинтонациялықерекшелігінескеріп айту | Тапсырмажекеорындалады. Оқушылартақырыпқақатысты130-150сөздентұратынмәтіндіоқиды.Біріншітапсырмада берілгентұжырымдарданекі«шын»ақпаратты анықтайды. Екіншітапсырмада берілгенсөздердіңмәтінненантоним,синонимін табады.Үшіншітапсырмада берілген тұжырымсөйлемдердірет-ретіменорналастырады.Төртіншітапсырмада оқушыберілгенсөйлемге қажетті сөзді қойып,толықтырады.Бесіншіашықсұраққамәтіннiңмазмұнын басшылыққаалыпжауапбереді. | Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар | 2 | 1 |
| 7 | | | | 2 | 1 |
| 8 | | | Көп таңдауы бар сұрақтар | 2 | 1 |
| 9 | | | | 2 | 1 |
| 10 | | | Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | 2 | 1 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6.2.5.1–коммуникативтікжағдаятбойыншадиалогкеқатысушыларөзаратүсінісіп,ойларын толықтырып отыру | Мұғалімоқушыныңмәтінмазмұнынтүсінгенін,сөздікқорынорындыпайдаланаалуын,өмірдегі жағдаяттарғаөзкөзқарасынбілдіреалуынбағалайды. | | | |
| 11 | | Тапсырмажекеорындалады.Оқушыларберілгенекітапсырманыңбірінтаңдап,жазбажұмысынорындайды.Мұғалімоқушыныңжазбажұмысында стильді сақтауын,қосымшалардыдұрыс жалғауын,сөйлем соңындағытыныс белгілерді,реттік санесімдерменжинақтық санесімдердіорынды қолдануынбағалайды. | Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар | **20** | **10** |
| 12 | | Тапсырма жұпта орындалады. Екіоқушығабөлімдергеқатысты ортақтақырыпберіледі(тақырып жазылғанқағаздардыоқушыөзітаңдайды). Жұптағыоқушыларберілгентақырыпбойынша4 минутдиалогкетүседі (әр оқушы диалогте 6-8сөйлем айту керек). Мұғалімоқушының берілгентақырыптытүсініп,соғанқатыстыжұбынасұрақтарқоюын,сұрақтарғалайықжауап беруін бағалайды. Екіоқушының балы бір-бірінетәуелді емес. | Ауызшатолықжауапты қажет ететінсұрақтар | Айтылым сабақтан тыс тексеріледі,әр білімалушыға 2минутберіледі. | 10 |
| **Барлығы:** | | | | **40** | **30** |

**Оқушының аты – жөні**________________________________________________________
**Сыныбы**__________________________________________________________________

**Тыңдалым**

Отбасы – сыйластық, түсіністік орнаған орта, кішкентай Отан, табиғатсыйлаған кереметтердің бірі. Отбасы – мемлекеттің дұрыс қалыптасуының ең басты тірегі, бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам. «Отан отбасынан басталады» деген нақыл сөзді дәлел ретінде алсақ болады. Отбасында құндылықтар мол болуы керек. Сонда ғана әр отбасында тәрбиеленіп жатқан ұрпақ отбасылық махаббатқа, ата-ана мейіріміне бөленіп, болашақта Отанымыздың дамуына айтарлықтай үлес қоса алатын азама болып шығады. Бұл қасиеттер тек тәрбие арқылы келетінін ұмытпауымыз керек. Қазіргі жаһандану кезеңінде өмір сүріп жатқан жастар осы құндылықты бағалай алмайтын сияқты. Себебі отбасындағы бала тәрбиесін түрлі гаджеттер мен планшеттер алмастыруда. Осы кезде дана Әл-Фарабидің мына сөзі ойға келеді: «Білім алмас бұрын, мықты тәрбиені қалыптастыру керек, тәрбиесіз алған білім қоғамға өте қауіпті». Кез келген адамның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік

белгілері отбасында қалыптасады, сондықтанда туған үйдің жылуы – оның санасында көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

**1. Мәтінге тірек болатын сөздерді табыңыз.**

A) Отан, отбасы, бала, тәрбие,

B) Отан, бала, мақал-мәтелдер

C) Отан, ұлттық дәстүр, ұя

D) Отан, әке, тәрбие, Әл-Фараби **1балл**

**2. «Отан отбасынан басталады» мәтеліне сәйкес келетін ойды анықтаңыз.**

A) Барлық адамдар отбасынан шыққан.

B) Отбасы берекесі ата-анаға байланысты.

C) Отбасы шағын мемлекет, сондықтан барлығы тату болу қажет.

D) Отанның келешегі отбасында қаланады.

**1балл**

**3. Тыңдалым мәтінінің мазмұны бойынша 1 «шын» ақпаратты белгілеңіз.**

| **№р/р** | **Мәтіндегі ақпараттар** | **Шын** | **Жалған** |
|---|---|---|---|
| **1.** | Әке – асқар тау, ана – қайнар бұлақ | | |
| **2.** | Отбасындағы бала тәрбиесін гаджеттер ауыстыруда | | |
| **3.** | Әл-Фараби барлығы сыйластықтан басталады деген | | |

**1балл**

**4. Бос орынға қажетті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**

/сыйластықтан, тәрбиеден, салттан, әкеден, отбасынан/

**Отан ______________________________ басталады. 1балл**

**5. Сұраққа толық жауап жазыңыз.**

Отбасының бала тәрбиесіне қатысы қандай?

_______________________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________________

**1балл**

**Оқылым**

Ауыл – дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан ұғым. Ж.Әбдірашев: «Ауыл – қаланың анасы, анасын ұмытпайды баласы» - деген екен. Ауыл – әр халықтың, соның ішінде қазақ халқының алтын бесігі, темірқазығы. Ұлтымыздың салт-дәстүрі, қаны мен жаны сол ауылдан басталады. Халық мақтанышына айналған әйгілі арыстарымыздың бәрі де сол ауылдан шыққан. Сондықтан да елімізді көркейтуге осы бастан өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Ал біздің үлесіміз – сапалы білім алып, ел болашағын ойлайтын азамат болу. «Ауыл түбі –бірлік, қауым түбі – тірлік» деген мақал ауылдың және рухани маңыздылығын білдіреді.

Ауыл адамдары қала адамдарына қарағанда салтты берік ұстанады, қарапайым, жомарт, ашық, кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып келеді. Себебі ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып барлығы ауылда жақсы сақталған. Ауыл адамдары кеш ұйықтап, ерте тұрады. Ауылда таза ауа, дала тып-тыныш болады.

Қала өмірі тынымсыз тірліктен тұрады. Таңнан кешке дейін көліктің дауысы құлақ тұндырады. Қаптаған халық, у да шу. Қала адамдары барлық жаңалықтан хабардар, бірақ көбіне өзімшіл болып келеді

**1.Берілген тұжырымдардан бір «жалған» ақпаратты анықтаңыз.**

| | Тұжырым | Шын | Жалған |
|---|---|---|---|
| A | Ауылда ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып сақталмаған. | | |
| B | Қалада халық көп, көшелері у да шу. | | |
| C | Ауылдың ауасы таза, даласы тып-тыныш болады. | | |

**1балл**

**2-3. Мәтіннен берілген сөздердің антоним, синонимдерін табыңыз.**

Бүгіннен (антоним) - **_____________________________________________________________1балл**

Қолы ашық (синоним) - **_________________________________________________________ 1балл**

**4. Сөйлемдерді мәтін мазмұны бойынша рет-ретімен орналастырыңыз (1, 2, 3).**

| Мәтіндегі ақпараттар | Реті |
|---|---|
| Ауыл - қаланың анасы, анасын ұмытпайды баласы. | |
| Қала өмірінде тынымсыз тірлік көп. | |
| «Ауыл түбі - бірлік, қауым түбі – тірлік». | |

**1балл**

**5. Сұраққа толық жауап жазыңыз.** **Ауыл адамдары қандай?**

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________**1балл**

**Жазылым**

Берілген үш тапсырманың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Сөздерді орфографиялық нормаға сай жазып, қосымшаларды дұрыс жалғаңыз, жазба жұмысыңызда реттік, жинақтық сан есімдерді, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданыңыз.

**1. Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі**

Жазғы демалыс кезінде ауылдағы туыстарыңыз қалаға қыдырып келді. Қонақтар мен қаланы аралауға шықтыңыз. Қай жерлерге апарасыз? Неге? Қала өмірінің ерекшелігін және барған жерлеріңіз туралы сипаттап жазыңыз.

**2. Отан отбасынан басталады**

Әр адамның өз отбасы бар. Сол отбасында туысқандар, бауырлар өмір сүреді. Сіздің де отбасыңыз бар. Барлығы сізді жақсы көреді, сіз де оларды жақсы көресіз. Отбасыңыздың бір мүшесін сипаттап жазыңыз.

**3. Таулар сыры**

Біздің еліміз жазық жерде орналасқан. Тек кейбір облыстарда ғана таулар бар. Егер еліміз тек таулы жерде орналасса, қандай мүмкіндіктер мен ерекшеліктер болар еді? Өз ойыңызды жазыңыз.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

_________________________________________________________________ **10 балл**

**Айтылым**

**Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұбыңызбен диалог құрастырыңыз (6-8 сөйлем). Диалогке қатысуда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңіз.**

**Ұсынылатын тақырыптар**

1. Сіз үшін отбасының маңызы қандай?
2. Отбасыңызда қандай мерекелер тойланады?
3. Сізге қала өмірі ұнайды ма, әлде ауыл өмірі ұнайды ма? Неліктен?
4. Қала мен ауыл өмірінің ерекшеліктерін сипаттап айтыңыз.
5. Өзіңіз тұратын мекеннің қандай артықшылығы бар?
6. Қазақстанда қандай таулар бар? Олар туралы не білесіз?
7. Тауға саяхат жасаған дұрыс па? Сіз ұнатасыз ба?

**10 балл**

**Жалпы балл: 30 б.**

**Балл қою кестесі**

**Тыңдалым**

**Әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.**

| Сұрақ | Жауап | Балл | Жалпы балл |
|---|---|---|---|
| 1 | А | 1 | |
| 2 | Д | 1 | |
| 3 | В | 1 | |
| 4 | отбасынан | 1 | 5 |
| 5 | Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениетін тәрбиелейді | 1 | |

**Оқылым**

**Әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.**

| Сұрақ | Жауап | Балл | Жалпы балл |
|---|---|---|---|
| 1 | А | 1 | |
| 2 | Бүгіннен - ежелден (антоним) | 1 | |
| 3 | Жомарт - қолы ашық (синоним) | 1 | |
| 4 | Ауыл - қаланың анасы, анасын ұмытпайды баласы.<br>«Ауыл түбі - бірлік, қауым түбі – тірлік»<br>Қала өмірінде тынымсыз тірлік көп. | 1 | 5 |
| 5 | Қарапайым, жомарт, ашық, кішіпейіл, бауырмал, мейірімді | 1 | |

**Жазылым**

| Балл | Мазмұны мен тіл сапасы |
|---|---|
| 9-10 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры, стилі толық сәйкес келеді. Ойын жүйелі жеткізеді. Лексикалық минимумды қолдануы жоғары, стильдік қолданысы өте дұрыс. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды дұрыс қолданады. Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 7-8 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры сәйкес келеді. Ойын жеткізеді. Лексикалық минимумды жеткілікті қолданады, стильдік қолданысы дұрыс. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды дұрыс қолданады. Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 5-6 | Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауға тырысқан. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда ішінара қателер жібереді. Елеусіз қателер көп, бірақ ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 3-4 | Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауы шектеулі. Ойын жеткізуде ауытқулар көптеп кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда қателері көп болғандықтан, ойды түсінуге кедергі келтіреді. |
| 1-2 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды) мүлдем ескерілмеген. Жазба жұмысы жанрға, стильге сәйкес емес. Ойын жеткізе алмаған. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі болғандықтан, сөз қайталаулар өте көп кездеседі. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда өрескел қателер көп болғандықтан, ойды түсіну өте қиын. |

**Айтылым**

| Балл | Негізгі ойды ашуы мен сөз қолданысы |
|---|---|
| 9-10 | Тақырыпты және сұрақты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауабы тез әрі орынды. Ойын жүйелі түрде жеткізеді. Лексикалық минимумы мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолданады. Арасында елеусіз қателер жібергенімен, ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 7-8 | Тақырыпты және сұрақты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауабын ойланып береді, ойын орынды жеткізеді. Лексикалық минимумы жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды қолданады. Арасында қателер жібереді. |
| 5-6 | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қиналады. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда елеусіз қателер жібереді. |
| 3-4 | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қолдауды қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда қателерді жиі жібереді. |
| 1-2 | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қолдауды үнемі қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел көп ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі болғандықтан, сөз қайталаулар өте көп. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда түсінуге қиындық келтіретін қателер жиі кездеседі. |

**Жалпы балл:___30__**

**6 сынып. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау**
**№1. Бөлім «Астана – мәдениет пен өнер ордасы», «Қуат көзін үнемдей білеміз бе?»**

| **Сөйлеу әрекетінің түрлері** | **Оқылым Жазылым** |
|---|---|
| **Оқу мақсаты** | 6.3.3.1-орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау<br>6.5.2.1- жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру<br>6.1.1.1.Тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау<br>6.2.2.1.Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу |
| **Бағалау критерийі** | - Орта көлемді шығармаларды түсінеді,тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды<br>- сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастырады<br>Мәтін бөліктері, тірек сөздер негізінде тақырыпты, мәселені болжайды<br>- Диалогке қатысуда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Қолдану<br>Жоғары деңгей дағдылары |
| **Орындылу уақыты** | 20-25 минут |

**Оқушының аты – жөні____________________________________________________**
**Сыныбы________________________________________________________________**

**Тапсырма**

**1. Мәтінді тыңдаңыз. Сөйлем мазмұнына сай көп нүктенің орнына берілген сөздер мен сөз тіркестерін қойыңыз (аумағымен, шымылдығын, сән-салтанатымен).**

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2010-2013 жылдары салынды. Театрдың салтанатты ашылуында Елбасы: «Зауыттар мен жолдар салатын ел, берік тірегін болашақ жылдар бойына орнатады. Мектептер мен аурухана салатын ел, ұлт болашағының ондаған жылдар бойғы қамын жейді. Театр тұрғызатын ел ғасырлар арқылы болашағына көз тігеді», – деген еді.

Есілдің сол жағалауында орналасқан «Астана Опера» театры асқақ сән-салтанатымен көз тартады. Ғимараттың жалпы ауданы 64 мың шаршы метр. Оның 3000 шаршы метрін сахна аумағы алып жатыр. «Астана Опера» өзінің көлемімен ғана емес, сонымен қатар, әсем сәулетімен де таң қалдырады. Әлемдік сәулет өнерінің ең үздік классикалық дәстүрлері ескеріле салынған театр сәулетінде ұлттық нақыш айқын байқалады. Театрдың Үлкен залы 1250 орынға есептелген, ал Камералық зал 250 адамға арналған. Техникалық мүмкіндіктері бойынша «Астана Опера» көптеген әлемдік театрлардан асып түседі десек артық айтқандық емес. 2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы маусымын М.Төлебаевтың ұлы туындысы – Абзал Мұхитдиновтың жаңа музыкалық редакциясындағы «Біржан – Сара» операсымен ашты.

**(a) Сол жақ жағалауда тұрғызылған «Астана Опера» театры ерекше .............................. көркем. 1балл**
**(b) «Астана Опера» өзінің ....................... қатар, көркем сәулетімен де таңдай қаққызады. 1балл**
**(c) «Біржан – Сара» операсы салтанатты түрде театрдың ............................. ашты. 1балл**

**2. Мәтіннен ең маңызды 5 тірек сөзді жазыңыз.**

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
____________________________________________________________________**1балл**

**3. Суреттердің, тірек сөздердің көмегімен Астанадағы Қала күні мерекесінің тойлануы туралы досыңызға әңгімелеңіз.**





**Ұлт аспаптар оркестрі** **Ұлттық өнер**

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

______________________________________________________________________






**Мерекелік концерт** **Өнер тарландары**

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

**1балл**

**4. Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырыңыз**

Бүгінде электр үнемдейтін шамдар көп кездеседі. Қарапайым шамдардың орнына энергия үнемдеуші шамдарды қолданған жөн.Өйткені энергия үнемдеуші шамдар қарапайым шамдарға қарағанда электр қуатын 5-6 есеге аз тұтынып, бірдей жарық береді. Сонымен қатар энергия үнемдеуші шамдардың пайдалану мерзімі қарапайым шамдармен салыстырғанда сегіз есеге артық. Энергия үнемдеуші шамдар электр қуатын 80 пайызға жуық үнемдейді.

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

**2балл**

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| **Білім алушы** | | | |
| Тақырыпқа қатысты сөздер мен тірек сөздердің мағынасын ашады | 1 | көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастырады; | **1**<br>**1**<br>**1** |
| Тірек сөздерді қолданып, сюжетті суреттерге әңгіме құрастырады | 2 | мәтін мазмұнындағы ең маңызды 5 тірек сөзді анықтайды; | **1** |
| | 3 | тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастырадыәңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолданады | **1** |
| Берілген мәтінді оқиды | | мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастыра алады | **2** |
| **Барлық балл** | | **7** | |

**6 сынып. 2-тоқсан.**

## №2. Бөлім «Қазақстан қорықтары»

| | |
|---|---|
| Сөйлеу әрекетінің түрлері | Оқылым<br>Жазылым |
| Оқу мақсаты | 6.3.4.1. Мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру<br>6.4.1.1. Мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу<br>6.5.1.3. Реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану |
| Бағалау критерийі | - Мәтіндегі ақпараттың дұрыс, бұрыстығын анықтайды.<br>- тақырып төңірегінде жұмыс жасайды<br>- Реттік, жинақтық сан есімдерді қолданады |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану<br>Жоғары деңгей дағдылары |
| Орындылу уақыты | 20-25 минут |

**Оқушының аты – жөні**_______________________________________________________
**Сыныбы**______________________________________________________________________

**1.Тапсырма**
**Төмендегі тапсырманы орындаңыз**
Қорық – үкіметтің қорғауында болатын табиғи кешен, жер не су кеңістігі. Ол - сирек кездесетін тіршілік иелерін сол қалпында сақтауға арналған, ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Қорықтың негізгі міндеті – қорғауға алынған ағзалардың гендік қорын сақтау және қалпына келтіру. Қорық аумағын шаруашылық мақсат үшін пайдалануға болмайды. Қорық - қорғалатын аумақ қана емес, сонымен қатар, табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік ғылыми мекеме. Мұнда саны сиреп бара жатқан жануарлар мен азайып кеткен өсімдік түрлерін қалпына келтіру мәселесі терең зерттеледі. Қорықтағы табиғи ресурстарды сақтаудың жолдары белгіленеді.
Қазақстан қорықтар саны жөнінен ТМД-ға кіретін республикалар арасында 16- орын алады. Қазіргі кезде нақты 10 қорық жұмыс істейді. Бұлар, әрине, Қазақстан табиғаты үшін жеткіліксіз. Сондықтан болашақта ғалымдардың, табиғатты қорғау қоғамы өкілдерінің ұсынуымен тағы 15 қорық ұйымдастырылмақшы.

1) **Мәтінге ат қояды ____________________________________________1 балл**

2) **Мәтіндегі сан есімдерді анықтап ,сөзбен жазады**

_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________
_______________________________________________________________________

**__________1балл**

**2.Мәтінге сүйене отырып, ақпараттың дұрыс, бұрыс еместігін тексеріңдер**

| № | Сөйлемдер | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|---|
| 1 | Қорық – үкіметтің қорғауында болмайтын табиғи кешен, жер не су кеңістігі | | |
| 2 | Мұнда саны сиреп бара жатқан жануарлар мен азайып кеткен өсімдік түрлерін қалпына келтіру мәселесі терең зерттеледі | | |
| 3 | Қазақстан қорықтар саны жөнінен ТМД-ға кіретін республикалар арасында 16- орын алмайды. | | |
| 4 | Қазіргі кезде нақты 10 қорық жұмыс істейді. | | |
| 5 | Бұлар, әрине, Қазақстан табиғаты үшін жеткілікті. | | |

**3балл**

**3. Берілген  тапсырмадағы бос орынға қажетті сөздерді қойып жаз.**

“Қызыл кітап” — халықаралық дәрежедегі .................. . Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан жылға азайып не ................. бара жатқан, сондықтан да айрықша ..................... қажет ететін жануарлар мен................ түрлері тіркеледі. Жануарларды халықаралық............... қорғау мәселесі 20 ғасырдың бас кезінде қолға алынды.

**Керекті сөздер:** қорғауды, жойылып , құжат, өсімдіктердің,  дәрежеде.

**2балл**

**4. Берілген сөздерді тәуелдеңіз.** **<u>Қызыл кітап,</u>** **<u>қорықтар</u>**

**2балл**

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| **Білім алушы:** | | | |
| Берілген тақырыптың  негізінде мәтінге ат қояды; | **1** | | **1** |
| | Мәтіндегі сан есімдерді анықтап, сөзбен жазады | | **1** |
| Мәтінді тыңдайды. Төмендегі кестені толтырады. Ақпараттың дұрыс, бұрыстығын анықтайды. | **2** | мәтін бойынша дұрыс , бұрыстығын анықтайды; | **3** |
| Берілген  тапсырмадағы бос орынға қажетті сөздерді қойып жазады | **3** | тақырып төңірегінде жұмыс | **2** |
| Берілген сөздерді тәуелдейді. | **4** | Сөзді тәуелдейді | **2** |
| **Барлық балл** | | | **9** |

## 6 сынып. 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау

**Ұзақтығы- 40 минут**
Тыңдалым - 10 минут
Оқылым - 10 минут
Жазылым – 20 минут
Айтылым сабақтан тыс уақытта бағаланады (әр білім алушыға 2 минут беріледі)
**Балл саны - 30**

**Тпасырма түрлері**
Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
Көп таңдауы бар сұрақтар
Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

**Жиынтық бағалаудың құрылымы**
Тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент - тыңдалым, екінші компонент - оқылым, үшінші компонент - жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент - айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

## Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

| Тапсырма | Қамтылатын мақсаттар | Тапсырмаларға сипаттама | Тапсырма түрлері | Орындау уақыты | Балл |
|---|---|---|---|---|---|
| 1<br>2<br>3<br>4<br>5 | 6.1.5.1 - тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау<br>6.1.3.1 - тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну<br>6.1.6.1 – тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 130 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мазмұнды түсінуге бағытталған бірінші тапсырмада мәтіннің тақырыбын ашатын тірек сөздерді анықтайды, екінші тапсырмада жетекші сұрақтарға жауап беру арқылы негізгі ойды анықтайды. Үшінші тапсырмада мәтінді тыңдау барысында берілген ақпараттардың ішінен 1 «шын» ақпаратты табады. Мұғалім оқушының мәтін мазмұнын түсінгенін бағалайды. Төртінші тапсырмада ұсынылған сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құрастырады.<br>Мәтіннің мазмұнына негізделген бесінші тапсырмада берілген сұраққа өмірмен байланыстырып жауап береді. | Көп таңдауы бар сұрақтар<br>Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар<br>Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | 10 | 1<br>1<br>1<br>1<br>1 |
| 1<br>2<br>3 | 6.3.6.1 - тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру<br>6.3.3.1 - орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау<br>6.3.1.1 – мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру<br>6.3.4.1 - мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 130 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Бірінші тапсырмада мәтіндердің түрі мен тақырыбын салыстырады. Екінші тапсырмада бірінші мәтіннен2 негізгі және 2 жанама ақпаратты анықтайды.Бұл тапсырмаға екі ұпай қойылады. Үшінші тапсырмадағы ашық сұраққа оқушы шынайы өмірмен байланыстырып, мәтіннің мазмұнын басшылыққа алып жауап береді. Мұғалім оқушының мәтін мазмұнын түсінгенін, сөздік қорын орынды пайдалана алуын, өмірдегі жағдаяттарға өз көзқарасын білдіре алуын бағалайды. | Көп таңдауы бар сұрақтар<br>Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар<br>Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | 10 | 2<br>2<br>1 |
| 1 - 2 | 6.5.1.4 - өздік, болымсыздық, белгісіздік жалпылау | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі тапсырманың бірін таңдап, | Жазбаша толық | 20 | 10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есімдіктерін жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану<br>6.4.5.1 - жазба жұмыстарында сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану<br>6.5.1.5 - етістіктің шақтарының (нақ осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану<br>6.4.2.1 - эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу | жазба жұмысын орындайды. Мұғалім оқушының жазба жұмысында стильді сақтауын, қосымшаларды дұрыс жалғауын, сөйлем соңындағы тыныс белгілерді, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін, нақ осы шақ етістігінорынды қолдануын бағалайды | жауапты қажет ететін сұрақтар | | |
| **1** | 6.2.2.1 - тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу<br>6.2.5.1 - коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсініп, ойларын толықтырып отыру<br>6.2.3.1 - ауызша мәтіндер құрауда лепті сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту<br>6.2.1.1 - тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу | Тапсырма жұпта орындалады. Екі оқушыға бөлімдерге қатысты ортақ тақырып беріледі (тақырып жазылған қағаздарды оқушы өзі таңдайды). Жұптағы оқушылар берілген тақырып бойынша 4 минут диалогке түседі (әр оқушы диалогте 6-8 сөйлем айту керек).<br>Мұғалім оқушының берілген тақырыпты түсініп, соған қатысты жұбына сұрақтар қоюын, сұрақтарға лайық жауап беруін бағалайды. Екі<br>оқушының балы бір-біріне тәуелді емес. | Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Айты лым сабақ тан тыс уақытта бағалан ады, әр білім алушы ға 2 минут беріледі | **10** |
| Барлығы | | | | **40 минут** | **30** |

**Оқушының аты – жөні**____________________________________________________________
**Сыныбы**________________________________________________________________________

**Тыңдалым**

Электр қуатын үнемдеу - жаһандық деңгейдегі маңызды мәселе. Оның балама көзін қарастыру үшін әлемнің сарапшылары талай бас қосты. Осы бағыттағы жұмысты жүйелеу үшін Қазақстанға БҰҰ өкілі Гордон Джонсон арнайы келді. Ол елімізді аралап, желдің соғу бағытына зерттеу жұмысын жүргізген.

Бізде жел қуатын пайдалануға арналған арнайы бағдарлама бар. Алғашқы жоспар бойынша сағатына 1,82 трлн. киловат қуат өндіру көзделген. Ал бағдарламаның екінші бөліміндегі бес мегаваттық жел қуаты бекеті Қытай шекарасына жақын Жоңғар қақпасының маңайында болады. Осы жобаны жүзеге асыруға Вашингтондағы Әлемдік қоршаған ортаны қорғау тәуелсіз ұйымы екі миллион доллар қаржы бөлген.

Ал осыған дейін Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында және Қарағанды облысында жел станциялары салынған. Балама қуат көздерін шығаруда биоқалдықтардың да орны ерекше. Бейресми ақпаратта көрсетілгендей, жыл сайын мал шаруашылығы саласында құрғақ күйінде 22,1 млн. тонна қалдық болады екен. Сонымен бірге, 17,7 млн. өсімдік қалдығын жарату мүмкіндігі бар.

Жетісу өлкесіндегі су жүйесі еліміздегі судың жартысын құрайды. Мұнда бес шағын су электр станциясы пайдалануға берілген. Ендеше, су көзі тапшы аймақтар жел қуатын пайдалану керек. Алпысқа жуық мемлекет өздеріне жел қуатымен жұмыс істейтін электр станцияларын салған. Сондықтан бізге де қолда бар мүмкіндікті пайдаланатын уақыт жетті.

**1. Мәтінге тірек болатын сөздерді табыңыз.**

А) Ауыл, зерттеу, топырақ
В) Отан, бала, қала
С) Станциялар, зерттеу, қаржы
Д) Зерттеу, адамдар, күш

**1 балл**

**2. Мәтіннің негізгі идеясына сәйкес келетін тұжырымды анықтаңыз.**

А) Еліміздегі түрлі станцияларды көбейту
В) Еліміздегі ауыз су мәселесін шешу
С) Еліміздегі жер сілкінісінің алдын алу
Д) Еліміздегі өсімдіктерді қорғауға алу

**1 балл**

**3. Тыңдалым мәтіні мазмұны бойынша 1 «шын» ақпаратты белгілеңіз.**

| | **Мәтіндегі ақпараттар** | **Шын** | **Жалған** |
|---|---|---|---|
| А | Қазақстанға БҰҰ өкілі Гордон Джонсон арнайы келмеген | | |
| В | Жетісу өлкесінде бұрын бес шағын су электр станциясы пайдалануға берілген | | |
| С | Бізде су қуатын пайдалануға арналған арнайы бағдарлама бар | | |

**1 балл**

**4. Бос орынға қажетті сөзді қойып сөйлемді толықтырыңыз.**

/жетіспейтін, тәрбиеден, салттан, көп, арзан/

Су көзі __________________ аймақтар жел қуатын пайдалану керек. **1 балл**

**5. Мәтін мазмұны бойынша сұраққа жауап беріңіз.**

Жел станциялары қай жерлерде кездеседі?

____________________________________________________________________________ **1 балл**

**Оқылым**

«Астана Опера» опера және балет театры Қазақстанның елордасы Астана қаласында Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан. Бұл театр сән-салтанаты асқақ ғимаратымен және залдардың көркемдігімен ғана емес, сондай-ақ талантты труппа орындайтын тамаша репертуарымен таң қалдырады.

«Астана Опера» 2013 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ашылды. Театр өзінің алғашқы маусымын М.Төлебаевтың ұлы туындысы «Біржан-Сара» операсымен ашты. «Біржан-Сара» операсы музыкалық-поэтикалық дәстүрдің жарқын көрінісі. Сол жылдың күзінде «Астана Опера» театрының әлемдік тұсаукесері болып, Дж. Вердидің «Аттила» операсы қойылды.

«Астана Опера» опера және балет театры әлемнің аса сәулетті театрларының бірі. Сәулеті бойынша ол Милandaғы «Ла Скала», Мадридтегі Корольдік театр, Мәскеудегі Үлкен театр, Нью-Йорктегі Метрополитен-опера және т.б. атақты опера театрларының қатарынан орын алды. Театр сәулетінде ұлттық нақыш айқын көрінеді. «Астана Опера» - алыптығы мен техникалық мүмкіндіктері бойынша әлемдегі үшінші опера театры. Театрдың бас залы 1250 орынға есептелген.

**1. Берілген тұжырымдардан бір «жалған» ақпаратты анықтаңыз.**

| | Тұжырым | Шын | Жалған |
|---|---|---|---|
| A | «Астана Опера» - үлкендігі бойынша әлемдегі үшінші опера театры болып табылады | | |
| B | Театр ең алғаш «Аттила» операсы арқылы салтанатты түрде ашылды | | |
| C | «Астана Опера» опера және балет театры Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан | | |

**1 балл**

**2-3. Мәтіннен берілген сөздердің антоним, синонимдерін табыңыз.**

**жапты** (антоним) - ______________________________________ **1 балл**

**биік** (синоним) - ______________________________________**1 балл**

**4.Сөйлемдерді мәтін мазмұны бойынша рет-ретімен орналастырыңыз (1, 2, 3).**

| Мәтіндегі ақпараттар | Реті |
|---|---|
| Опера және балет театры - әлемнің аса сәулетті театрларының бірі | |
| Алғашқы маусымын «Біржан-Сара» операсымен салтанатты түрде ашты | |
| Алыптығы бойынша әлемдегі үшінші опера театры болып табылады | |

**1 балл**

**5. Сұраққа толық жауап беріңіз.**

Театр қашан және кімнің бастамасымен ашылды?

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

**1 балл**

**Жазылым**

**Берілген екі тапсырманың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Сөздерді орфографиялық нормаға сай жазып, қосымшаларды дұрыс жалғаңыз, жазба жұмысыңызда есімдік түрлерін, етістіктің шақтарын, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданыңыз.**

**<u>1. Қуат көзін үнемдей білеміз бе?</u>**

Сізге пән мұғалімі қуат көзін үнемдейтін құрылғы туралы жоба жазуды тапсырды. Сіз өз жобаңызды жазып, қандай жаңалық аша аласыз? Жоба жазу кезіндегі әрекеттеріңізді күнделік етіп жазыңыз.

**2. Астана – мәдениет пен өнер ордасы**

Астана – бас қала. Жазғы каникулда Елордаға қыдырып келдіңіз. Қаланың көптеген мәдени, өнер ордаларымен таныстыңыз. Сізге қай мәдени орын ерекше әсер етті? Өз ойыңызды айтып, досыңызға хат жазыңыз. Хат құрылымын сақтаңыз.

**3. Қазақстан қорықтары**

Елімізде бірнеше қорық бар. Ал осы қорықтар қоғамға пайдалы ма, зиян ба? Өз ойыңызды дәлелдеп, эссе түрінде жазыңыз. Эссе құрылымын сақтаңыз.

**10 балл**

**Айтылым**

**Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұбыңызбен диалог құрастырыңыз. (6-8 сөйлем). Диалог құрауда тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңіз.**

**Ұсынылатын тақырыптар**

1. Еліміздегі бір қорық туралы айтып беріңіз.
2. «Қызыл кітап» не үшін қажет?
3. Астана «мәдениетті қала» деген пікірмен келісесіз бе?
4. Елордадағы бір өнер ордасы туралы айтып беріңіз.
5. Біздің халық қуат көзін дұрыс үнемдеп жатыр ма?
6. Қуат көзін үнемдеудің пайдасы бар ма? Неліктен?

**10 балл**

## Балл қою кестесі

**Тыңдалым**

**Әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.**

| Сұрақ | Жауап | Балл | Жалпы балл |
|---|---|---|---|
| 1 | С | 1 | 5 |
| 2 | А | 1 | |
| 3 | В | 1 | |
| 4 | жетіспейтін | 1 | |
| 5 | Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында және Қарағанды облысында | 1 | |

**Оқылым**

**Әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.**

| Сұрақ | Жауап | Балл | Жалпы балл |
|---|---|---|---|
| 1 | В | 1 | 5 |
| 2 | Биік-асқақ (синоним) | 1 | |
| 3 | Жапты –ашты (антоним) | 1 | |
| 4 | Алғашқы маусымын «Біржан-Сара» операсымен салтанатты түрде ашты<br>Опера және балет театры әлемнің аса сәулетті театрларының бірі<br>Алыптығы бойынша әлемдегі үшінші опера театры болып табылады | 1 | |
| 5 | «Астана Опера» 2013 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен ашылды | 1 | |

**Жазылым**

| Балл | Мазмұны мен тіл сапасы |
|---|---|
| 9-10 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры, стилі толық сәйкес келеді. Ойын жүйелі түрде жеткізеді. Лексикалық минимумды қолдануы жоғары, стильдік қолданысы өте дұрыс. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды өте дұрыс қолданады. Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 7-8 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры сәйкес келеді. Ойын жеткізеді.<br>Лексикалық минимумды жеткілікті қолданады, стильдік қолданысы дұрыс.<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды дұрыс қолданады.<br>Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 5-6 | Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауға тырысқан. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі.<br>Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа.<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда ішінара қателер жібереді.<br>Елеусіз қателер көп, бірақ ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 3-4 | Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауы шектеулі. Ойын жеткізуде ауытқулар көптеп кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда қателері көп болғандықтан, ойды түсінуге кедергі келтіреді. |
| 1-2 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды) мүлдем ескерілмеген. Жазба жұмысы жанрға, стильге сәйкес емес. Ойын жеткізе алмаған.<br>Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі болғандықтан, сөз қайталаулар өте көп кездеседі. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда өрескел қателер көп болғандықтан, ойды түсіну өте қиын. |

**Айтылым**

| Балл | Негізгі ойды ашуы мен сөз қолданысы |
|---|---|
| **9-10** | Тақырыпты және сұрақты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауабы тез әрі орынды. Ойын жүйелі түрде жеткізеді. Лексикалық минимумы мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолданады. Арасында елеусіз қателер жібергенімен, ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| **7-8** | Тақырыпты және сұрақты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауабын ойланып береді, ойын орынды жеткізеді. Лексикалық минимумы жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс.<br>Орфоэпиялық нормаларды қолданады. Арасындақателер жібереді. |
| **5-6** | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қиналады. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда елеусіз қателер жібереді. |
| **3-4** | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қолдауды қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен.<br>Орфоэпиялық нормаларды қолдануда қателерді жиі жібереді. |
| **1-2** | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қолдауды үнемі қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел көп ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі болғандықтан , сөз қайталаулар өте көп.<br>Орфоэпиялық нормаларды қолдануда түсінуге қиындық келтіретін қателер жиі кездеседі. |

**Жалпы балл: - 30 балл**

**6 сынып. 3-тоқсан. №1. Бөлім «Болашақ мамандықтары»**

| | |
|---|---|
| **Сөйлеу әрекетінің түрлері** | Тыңдалым<br>Айтылым |
| **Оқу мақсаты** | 6. 1.6.1 - Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру<br>6.2.2.1- Тақырып бойынша диалогті бастау,жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу |
| **Бағалау критерийі** | - Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырады<br>-тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Қолдану |
| **Орындылу уақыты** | 15-20 минут |

**Оқушының аты – жөні_______________________________________________________**
**Сыныбы_____________________________________________________________________**
**Тыңдалым**
**Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.**

**Болашақтың мамандығы**

Болашақтың мамандағы-бұл келешекте ең қажетті, ең табысты деп саналатын мамандықтар. Төменде көрсетілген мамандықтар Ұлы Британияның атақты Fast Future компаниясының зерттелуімен жүргізілген.

Сонымен, болашақтың мамандықтарына тоқталайық:

Нано дәрігерлер

Нано дәрігерлер - бұл мамандық иегерлері дәрігерлердің бөлігі. Бұл дәрігерлер адамды тек қана емдемей, оларға қажетті жаңа күштер қоса алады.

Вертикальды фермерлер

Вертикальды фермерлер - бұл мамандық иегерлері өз өнімдерін вертикальды орналасқан үлкен жылыжайларда өсіреді. Келешекте вертикальды фермерлер атауы өзгереді деп есептелінеді.

Виртуалды ұстаз

Виртуалды ұстаз - бұл мамандық иегерлері қазіргі уақытта да кездеседі. Келешекте біздің түсінігіміздегі университеттер, мектептер жоғалып, оның орнына виртуалды яғни, компьютермен жұмыс істеу.

Климат менеджері

Климат менеджері - бұл мамандық иегерлері аты айтып тұрғандай ауа-райымен жұмыс жасайды. Олар ауа-райын табиғи емес, жасанды түрде зерттейді.

Метеорг-полицейлер

Метеорг-полицейлер - бұл мамандар келешектегі нашар ауа-райына байланысты түрлі қылмыс болады деп есептелінеді. Сол себепті олар климатпен қатар, тәртіпті де бақылайды.

**1. Мамандықтар мен олардың қызметіне қысқаша түсініктеме беріңіз.**

| **Мамандықтар.Қызметі** | |
|---|---|
| Нано дәрігерлер | |
| Вертикальды фермерлер | |
| Виртуалды ұстаз | |
| Климат менеджері | |
| Метеорг-полицейлер | |

**3балл**

**2. Жоғарыда аталған болашақ мамандығының қайсысы сұранысқа ие болады деп ойлайсың? Оның себебін қалай түсіндіресіз?**

**2балл**

**<u>Айтылым</u>**

**2. Жұбыңызбен «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында диалог құрастырыңыз. Диалогте сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданыңыз.**

**2балл**

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырып айтады | 1 | мәтін мазмұны бойынша әр мамандықтың атқаратын қызметін бір сөйлеммен айтады; | 1<br>1<br>1 |
| | 2 | сұранысы жоғары мамандықтар туралы ақпарат береді; | 1 |
| | | мамандықтардың сұранысқа ие болу себептерін ашып көрсетеді; | 1 |
| Тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады | 3 | тақырып төңірегінде жұбымен диалогке қатысады; | 1 |
| | | диалогте сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады. | 1 |
| **Барлық балл** | | | **7** |

**6 сынып. 3-тоқсан. №2. Бөлім «Қазақстан және Ұлы Жібек жолы», «Жер байлығына аяулы көзқарас», «Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы»**

| Сөйлеу әрекетінің түрлері | Оқылым Жазылым |
|---|---|
| **Оқу мақсаты** | 6.3.3.1-орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау |
| **Бағалау критерийі** | - Мәтін мазмұнына бойынша сай тақырып қояды, негізгі ойды анықтайды<br><br>- тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, постер, сызба-кесте жасайды. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Қолдану<br>Жоғары деңгей дағдылары |
| **Орындылу уақыты** | 20-25 минут |

**Оқушының аты – жөні________________________________________________**
**Сыныбы____________________________________________________________**

**Оқылым**

**Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.**



Ұлы Жібек жолы – Қытай мен Еуропа елдерінің арасын байланыстырған сауда жолы. Ұлы Жібек жолының кей тармақтары сол кезде-ақ іске қосылған. Негізінен, «лазурит жолы», «нефрит жолы» және «құндыз жолындағы» сауда қызып тұрды Біздің заманымызға дейін І мыңжылдықтың ортасында «дала жолы» іске қосылды. «Дала жолы» арқылы Қытай жібегі мен Иран кілемі жеткізіліп тұрды

«Ұлы Жібек жолы» ежелгі атау емес, ол 1877 жылы пайда болған. Оны қолданысқа енгізген белгілі неміс географы Фердинанд фон Рихттофен. Жолдың бұлай аталуына сауданың негізгі заты – Қытайдан шығарылатын жібек мата себеп болды.

Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерімен де өткен. Ең негізгі сауда жолы Тянь-Шань тау , Сырдария, Талас, Шу, Іле аңғарлары аркылы Қытайға ұласкан, Жолдың ендігі бір бөлігі Яқсарт, Сейхун деп аталған Сырдария, Орал (Жайық) өзендерін жағалай ары қарай Каратеңіз маңы, Византия мен Батыс Еуропа жерлеріне дейін созылып жатты.Осындай жолдардың бойында Исфиджаб, Усбаникент, Отырар, Түркістан, Тараз, Сауран, Сығанақ, Сарайшық, Жаңакент сияқты ірі қалалар болған. Бұл қалалардың өркендеуіне Ұлы Жібек жолының тигізген әсері мол. Қалалар мен далаларды, тау етектерін сақтар, үйсіндер, қаңлылар, кейіннен түргеш, қарлұқ, оғыз, кыпшақ, қимақ сияқты ежелгі түркі тайпалары мекендеген.

**1. Берілген ақпараттардың ішінен мәтін мазмұнына сай келетін 2 дұрыс тұжырымды анықтаңыз.**

| Ақпараттар | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| «Ұлы Жібек жолы» ежелгі атау емес, ол 1878 жылы пайда болған. | | |
| Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерімен де өткен. | | |
| Жолдың бұлай аталуына сауданың негізгі заты – Жапониядан шығарылатын жібек мата себеп болды. | | |

**2балл**

**2. Мәтінге ат қойып, идеясын анықтаңыз.**

| Мәтіннің тақырыбы (сөз тіркесі) | Мәтіннің идеясы (1сөйлем) |
|---|---|
| | |

**2балл**

3. «Жазғы Олимпиада ойындары»тақырыбында берілген мәтіннен мәліметтер жинақтап, постер не сызба-кесте жасаңыз.

Бастауын ежелгі Грекия жерінен алатын әйгілі олимпиада ойындарының 2012 жылы Лондон қаласында өтетіні осыдан 7 жыл бұрын анықталып қойған еді. Еншісіне Жазғы олимпиада ойындарын өткізу бұйырған Лондон қаласы әлемдік 9 қаланың ішінен таңдап алынды.

Олимпиада ойындары 27 шілде мен 12 тамыз аралығында Ұлыбританияның астанасы Лондон қаласында өтті. Лондон Олимпиада ойындарын үш рет қабылдаған алғашқы қала болды. Оған дейін Лондон 1908 жылы және 1948 жылы қабылдаған болатын. Лондон қаласында Олимпиада алауы жағылды. Жазғы олимпиадалық ойындарының салтанатты ашылуы Елизавета II патшайымна бұйырды.

**3балл**

**Сызба кесте**

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор<br>Білім алушы | Балл |
|---|---|---|---|
| Мәтін мазмұнына сай тақырып қояды, негізгі ойды анықтайды | 1 | мәтін мазмұнына сай келетін<br>2 тұжырымды анықтайды; | 1<br>1 |
| | 2 | мәтін тақырыбын анықтайды; | 1 |
| | | негізгі ойды анықтайды; | 1 |
| Тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, постер, сызба-кесте жасайды | 3 | тақырып бойынша мазмұнды<br>постер не сызба-кесте жасайды; | 1<br>1 |
| | | мәтіндегі ақпараттарды қолданады. | 1 |
| **Барлық балл** | | | **7** |

## 6 сынып. 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

### 3-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

**Ұзақтығы** – 40 минут Тыңдалым - 10 минут  Оқылым – 10 минут Жазылым – 20 минут
Айтылым сабақтан тыс уақытта бағаланады (әр білім алушыға 2 минут беріледі)
**Балл саны -** 30
Тапсырма түрлері:
Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар Көп таңдауы бар сұрақтар
Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

### Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент - тыңдалым, екінші компонент - оқылым, үшінші компонент - жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент - айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

### Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

| *Та пс ыр ма | Қамтылатын мақсаттар | *Тапсырмаларға сипаттама | *Тапсыр ма лар түрлері | *Орынд ау уақыты, мин | Балл |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | 6.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауапберу<br>6.1.1.1 - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау<br>6.1.5.1 - тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойдыанықтау<br>6.1.3.1 -тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну<br>6.3.1.1 Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру<br>6.3.4.1 - мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерінсалыстыру<br>6.3.3.1 - орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау<br>6.3.6.1 - тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 110-130 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды.<br>Мәтінді тыңдау барысында мазмұнды түсінуге бағытталған бірінші, екінші және үшінші тапсырмаларда дұрыс 1 жауапты белгілейді.<br>Төртінші тапсырмада мәтінді тыңдау барысында берілген ақпараттардың «шын», «жалған» екенін табады. Мұғалім оқушының мәтін мазмұнын түсінгенін бағалайды.<br>Мәтіннің мазмұнына негізделген тапсырмада бос орындарға қажетті сөздерді тауып қояды, берілген сұраққа мәтін мазмұнына қарай жауап жазады. | Көп таңдауы бар сұрақтар | **2** | **1** |
| **2** | | | | **2** | **1** |
| **3** | | | Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар | **2** | **1** |
| **4** | | | | **2** | **1** |
| **5** | | | Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | **2** | **1** |
| **6** | | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 130- | | **2** | **1** |
| **7** | | | | **2** | **1** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6.3.1.1 - мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, мінездеме жазу<br>6.3.5.1 - жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу<br>6.5.1.5 - етістіктің шақтарының (жедел өткен шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану<br>6.4.3.1 - жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу<br>6.4.5.1 - жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу<br>6.4.1.1 - мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік жазу<br>6.2.2.1 - тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу<br>6.2.5.1 - коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырыпотыру<br>6.2.1.1 - тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу<br>6.2.3.1 - ауызша мәтіндер құрауда бұйрықты сөйлемдердің Интонациялық ерекшелігін ескеріпайту | 150 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Бірінші тапсырмада берілген тұжырымдардан екі «шын» ақпаратты анықтайды. Екінші тапсырмада берілген сөздердің мәтіннен антоним, синонимін табады. Үшінші Тапсырмада берілген тұжырым сөйлемдерді рет-ретімен орналастырады.<br>Төртінші тапсырмада оқушы берілген сөйлемге қажетті сөзді қойып, толықтырады. Бесінші ашық сұраққа мәтіннің мазмұнын басшылыққа алып жауап береді. Мұғалім оқушының мәтін мазмұнын түсінгенін, сөздік қорын орынды пайдалана алуын, өмірдегі жағдаяттарға өз көзқарасын білдіреалуынбағалайды. | Қысқа жауапты қажет ететін Сұрақтар | | **1** |
| **8** | | | Көптаңдауы бар сұрақтар | | **1** |
| **9** | | | Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | | **1** |
| **10** | | Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі тапсырманың бірін таңдап, жазба жұмысын орындайды. Мұғалім оқушының жазба жұмысында стильді сақтауын, қосымшаларды дұрыс жалғауын, сөйлем соңындағы тыныс белгілерді, етістіктің шақтарының (жедел өткен шақ) қызметінорынды қолдануын бағалайды. | Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар | | **10** |
| **11** | | | | | |
| **12** | | Тапсырма жұпта орындалады. Екі оқушыға бөлімдерге қатысты ортақ тақырып беріледі (тақырып жазылған қағаздарды оқушы өзі таңдайды). Жұптағы оқушылар берілген тақырыпбойынша4 минут диалогке | Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Айтыл ым сабақта н тыс уақытта бағалан ады, әр | **10** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түседі(әр оқушы диалогте 6-8 сөйлем айтукерек).<br>Мұғалім оқушының берілген тақырыпты түсініп, соған қатысты жұбына сұрақтар қоюын, сұрақтарға лайық жауап беруін бағалайды. Екі оқушының балы бір-біріне тәуелді емес | | білім алушығ а 2минут беріледі | |

**Оқушының аты – жөні________________________________________________________**
**Сыныбы______________________________________________________________________**
**Тыңдалым**

**Данияр Маратұлы Елеусінов** (13 наурыз 1991 жылы, Березино ауылы, Казталов ауданы, Батыс Қазақстан облысы) — Қазақстандық әуесқой-боксшы, 2016 жылғы Бразилиядағы Олимпиада ойындарының чемпионы, Азиада-2010 жеңімпазы, 2013 жылғы Алматы қаласында өткен Әуесқой бокстан 69 кг салмақта әлем чемпионы, халықаралық спорт шебері.
Бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы, 2006 жылы кадеттер арасында әлем чемпионы, 2008 жылы Мексикада өткен жастар арасында әлем чемпионатының финалисті, 2009 жылы Қазақстанның Жастар ойындары жеңімпазы. 2010 жылы Қазақстан және Гуанчжоуда өткен Азия ойындары чемпионы, ҚР Кубогы-2012 чемпионы. Астана қаласында тұрып, сол жерде әкесі Елеусинов Мараттың қол астында жаттығады. 2012 жылғы Лондондағы Жазғы Олимпиада ойындарының қатысушысы. Елеусінов бірнеше жыл бойы бокстан Қазақстан құрамасының капитаны болған. Ол Рио-де-Жанейрода өткен Олимпиадада ойынының алтын медалін жеңіп алды. Атасы – жас кезінде күресші болған, 43 жыл ұстаздық қызмет атқарған. Әкесі - Елеусінов Марат Тәліпұлы (14.01.1961), ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, бокс жаттықтырушысы - оқытушысы біліктілігі жоғары. Анасы - Ғалия Нұрмұханова (1961 туылған) дене шынықтыру мұғалімі болған.
**Мәтінге тірек болатын сөздерді табыңыз.**

А) Дене шынықтыру, жастар арасында
В) Қатысушылар , мұғалім
С) Оқытушы, ұстаздық қызмет
Д) Олимпиада чемпионы, спорт шебері **1 балл**

**2. Данияр Елеусіновтың жаттықтырушысы кім болған?**
А) Анасы-Ғалия Нұрмұханова
В) Әкесі – Марат Елеусінов
С) Дене шынықтыру мұғалімі
Д) Алғашқы ұстазы **1 балл**

**3. Тыңдалым мәтіні бойынша 1 дұрыс ақпаратты табыңыз.**

| | Мәтіндегі ақпараттар | Дұрыс | Дұрыс емес |
|---|---|---|---|
| А | Тараз қаласында тұрып, сол жерде әкесі Елеусинов Мараттың қол астында жаттығады. | | |
| В | Гуанчжоуда өткен Азия ойындары чемпионы | | |
| С | 2010 жылы Мексикада өткен жастар арасында әлем чемпионатының финалисті, | | |

**1 балл**

**4. Бос орынға қажетті сөзді қойып сөйлемді толықтырыңыз.**
*Жеңіп алған, алды, ұтып алды.*
Елеусінов бірнеше жыл бойы бокстан Қазақстан құрамасының капитаны болған. Ол Рио-де-Жанейрода өткен Олимпиадада ойынының алтын медалін
____________________________________________________________ **1 балл**

**5. Сұраққа толық жауап беріңіз.**
Спортшы ең алдымен қандай қасиеттерге ие болу қажет ?
________________________________________________________________
________________________________________________________________
____________________________________________________________**1 балл**

## Оқылым

Ұлы Жібек жолы десе көз алдыңа күн астында күйіп тұрған алып шөл далалар, аяғы көрінбейтін қымбат жүктері бар керуендер, мыңдаған шақырым жол жүріп өткен саудагерлер, алдындағы мақсатына жету үшін шөл даладан да өтуге дайын көпестер елестейді. Жол барысында жаңа қалалар пайда болып, ескілерінің тас талқаны шықты. Ұзындығы 12 мың шақырым болатын Ұлы Жібек жолының сауда керуендерінің бір бағыты Қазақстанның оңтүстік аумағы арқылы өтен. Керуендер өтетін шаң басқан жолдар арқылы қымбат маталар, асыл тастар, алтын мен күмістен жасалған заттар, экзотикалық жануарлар тасымалдады. Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты байланыстырып, қалалардың тіпті жаңа мемлекеттердің пайда болуына өзіндік септігін тигізген . Талай тарихи орындардың әлемге танылуына әсер болған, теңдесі жоқ сауда маршруты. Жібек жолының тарихы біздің заманымызға дейін 138 жылдан бастау алған. Сол жылы Қытай императоры Батыс жаққа сауда жасайтын серіктестерді іздеу үшін арнайы дипломатиялық керуенді жіберген болатын. Оған қатысқандар Қытайдан Орталық Азияға тікелей жүріп өткен.

**1. Мәтін мазмұны бойынша 1 дұрыс сөйлемді табыңыз.**

| | Мәтіндегі ақпараттар | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|---|
| А | Сол жылы Қытай императоры Шығыс жаққа сауда жасайтын серіктестерді іздеу үшін арнайы дипломатиялық керуенді жіберген болатын | | |
| В | Ұзындығы 12 мың шақырым болатын Ұлы Жібек жолының | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сауда керуендерінің бір бағыты Қазақстанның солтүстік аумағы арқылы өтен. | | |
| C | Керуендер өтетін шаң басқан жолдар арқылы қымбат маталар, асыл тастар, алтын мен күмістен жасалған заттар, экзотикалық жануарлар тасымалдады. | | |

**1 балл**

**2-3 Мәтіннен берілген сөздердің антоним, синонимдерін табыңыз.**

**Саудагерлер** (синоним)- ________________________________________________________**1 балл**
**Қирады** (антоним) - ___________________________________________________________**1 балл**

**4-5 Сұраққа толық жауап беріңіз.**

Ұлы Жібек жолы Қазақстанның қай аймақтарын қамтыды?

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________**1 балл**

Ұлы Жібек жолы арқылы саудагерлер не тасыды?

______________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________**1 балл**

**Жазылым**

**Берілген екі тапсырманың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Сөздерді орфографиялық нормаға сай жазып, қосымшаларды дұрыс жалғаңыз, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданыңыз.**

1. Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы.

Бір күні кішкентай бауырыңыз сізден көмек сұрады. Оған пән мұғалімі «Олимпиада чемпионы» деген тақырыпқа ақпарат жазып келуді тапсырған. Сіз бауырыңызға көмек көрсету үшін қандай олимпиада чемпионы туралы ақпарат айтасыз? Ақпаратты жазыңыз.

2. Жер байлығына аяулы көзқарас.

Еліміз қазба байлықтарға бай. Қазақстанның әр жерінен түрлі қазбалар кездеседі. Бірақ қазіргі кезде Жер-Ана адамдарға өте ашулы. Жер-Ана не себептен ашуланды деп ойлайсыз? Жер-Ананың монологін жазыңыз.

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________**10 балл**

**Айтылым**

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұбыңызбен диалог құрастырыңыз (6-8 сөйлем). Диалог құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңіз.

**Ұсынылатын тақырыптар**

a. Қазіргі кезде климаттың өзгеруіне адамдардың әсері барма?
b. Спортшы болғыңыз келеді ме? Неліктен?
c. Қандай олимпиада жеңімпаздарын білесіз?
d. Ұлы Жібек жолының өткен жерлерін айтып беріңіз.
e. Ұлы Жібек жолы Қазақстан мәдениетінің дамуына үлес қоса алды ма?
f. Болашақта қандай мамандықтар сұранысқа ие болады деп ойлайсыз?

________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
________________________________________________________________________________
______________________________________________________________________**10 балл**

## Балл қою кестесі Тыңдалым

**Әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.**

| Сұрақ | Жауап | Балл | Жалпы балл |
|---|---|---|---|
| 1 | Д | **1** | **5** |
| 2 | В | **1** | |
| 3 | В | **1** | |
| 4 | Жеңіп алды | **1** | |
| 5 | Ең алдымен, икемділік пен іскерлікке ерекше басымдық беріледі. | **1** | |

**Оқылым**

**Әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.**

| Сұрақ | Жауап | Балл | Жалпы балл |
|---|---|---|---|
| **1** | С | **1** | |
| **2** | көпестер (синоним) | **1** | |
| **3** | (антоним) – пайда болды | **1** | |
| **4** | Ұзындығы 12 мың шақырым болатын Ұлы Жібек жолының сауда керуендерінің бір бағыты Қазақстанның оңтүстік аумағы арқылы өтен. | **1** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Керуендер өтетін шаң басқан жолдар арқылы қымбат маталар, асыл тастар, алтын мен күмістен жасалған заттар, экзотикалық жануарлар тасымалдады. | 1 | 5 |

**Жазылым**

| Балл | Мазмұны мен тіл сапасы |
|---|---|
| 9-10 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры, стилі толық сәйкес келеді. Ойын жүйелі түрде жеткізеді. Лексикалық минимумды қолдануы жоғары, стильдік қолданысы өте дұрыс.Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды өте дұрыс қолданады. Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 7-8 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры сәйкес келеді. Ойын жеткізеді.Лексикалық минимумды жеткілікті қолданады, стильдік қолданысы дұрыс. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды дұрысқолданады.Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 5-6 | Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды),жанрын,стилін сақтауғатырысқан. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі.Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда ішінара қателер жібереді.Елеусіз қателер көп, бірақ ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 3-4 | Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды),жанрын,стилін сақтауы шектеулі. Ойын жеткізуде ауытқулар көптеп кездеседі.Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда қателері көп болғандықтан, ойды түсінуге кедергікелтіреді. |
| 1-2 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды) мүлдем ескерілмеген. Жазба жұмысы жанрға, стильге сәйкес емес.Ойын жеткізе алмаған.<br>Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі болғандықтан, сөз қайталаулар өте көп кездеседі. Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда өрескел қателер көп болғандықтан, ойды түсіну өте қиын. |

**Айтылым**

| Балл | Негізгі ойды ашуы мен сөз қолданысы |
|---|---|
| 9-10 | Тақырыпты және сұрақты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауабы тез әрі орынды. Ойын жүйелі түрде жеткізеді. Лексикалық минимумы мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолданады. Арасында елеусіз қателер жібергенімен, ойды түсінуге кедергікелтірмейді. |
| 7-8 | Тақырыпты және сұрақты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауабын ойланып береді, ойын орынды жеткізеді. Лексикалық минимумы жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды қолданады. Арасындақателер жібереді. |
| 5-6 | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қиналады. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда елеусіз қателер жібереді. |
| 3-4 | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қолдауды қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен.<br>Орфоэпиялық нормаларды қолдануда қателерді жиі жібереді. |
| 1-2 | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қолдауды үнемі қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел көп ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі болғандықтан , сөз қайталаулар өтекөп.<br>Орфоэпиялық нормаларды қолдануда түсінуге қиындық келтіретін қателер жиі кездеседі. |

**6 сынып. 4-тоқсан. №1. Бөлім «Абайды оқы, таңырқа!», «Өлкені сипаттау өнері»**

| **Сөйлеу әрекетінің түрлері** | **Тыңдалым**<br>**Айтылым** |
|---|---|
| Оқу мақсаты | 6.1.5.1. Тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау<br>6.2.6.1. Тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру |
| Бағалау критерийі | - Негізгі ойды тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы анықтайды<br>- Тірек сөздерді қолданып, сурет бойынша әңгіме құрастырады |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану<br>Жоғары деңгей дағдылары |
| Орындылу уақыты | 20-25 минут |

**Оқушының аты – жөні**_____________________________________________________

**Сыныбы**__________________________________________________________________

**<u>Тыңдалым</u>**

**Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.**

Біздің еліміздің табиғаты өте ерекше. Жыл мезгілінің қай тұсын алсаң да, я қаламыз, я ауылымыз жайнап тұрады. Қазір қыс мезгілін алсақ, терең тыныс алатын таза ауа, ақ көрпесін жамылған жер, екі беттері алмадай боп шана тепкен балалар. Ал, енді көктемге мезгіліне сипаттама берсек, жан-жақтың бәрі көгеріп, жер астынан бәйшешегіміз бүршік атып шығады. Жаз нағыз жеміс-жидектің пісіп, балалардың мәз-мейрам болатын уақыты. Күзге тоқталсақ, бұл жыл мезгілі әсіресе ақын аға-апаларымыз тілін түсіне білетін алтын уақыт. Иә, қалай дегенде де менің өлкемнің табиғаты тамаша, кең байтақ! Мен осы елде қазақ болып туылғаныма қуанамын!

**1. Мәтіннен қыс мезгілінің сипатын білдіретін 3 тірек сөзді теріп жазыңыз. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап жазыңыз.**

**<u>Тірек сөздер:</u>**

______________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________**3 балл**

**Мәтіннің негізгі ойы:**

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

**1балл**

**2. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.**

| Сұрақ -Жауап | Жауап |
|---|---|
| Мәтін не туралы? | |
| Жаз қандай жыл мезгілі? | |
| Көктем қалай суреттелген? | |

**3балл**

**Айтылым**

3. Суреттер бойынша «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан» тақырыбында әңгіме құрастырыңыз.

***Тірек сөздер: дымқыл, тұман, күркіреген, найзағай, жапырақ, суық, егін.***




3 балл

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| | | Білім алушы | |
| Негізгі ойды тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы анықтайды | 1 | жаз мезгілінің сипатын танытатын 3 тірек сөзді анықтайды; | 1<br>1<br>1 |
| | | мәтіндегі негізгі ойды 1 сөйлеммен жеткізеді; | 1 |
| | 2 | сұрақтарға мәтіннің мазмұны бойынша жауап береді; | 1<br>1<br>1 |
| Тірек сөздерді қолданып, сурет бойынша әңгіме құрастырады | 3 | сурет пен тірек сөздердің көмегімен әңгіме құрстырады; | 1<br>1 |
| | | әңгіме құрылымын сақтайды. | 1 |
| **Барлық балл** | | | **10** |

**6 сынып. 4-тоқсан. №2. Бөлім «Қазақ ұлттық қолөнері», «Саяхат және туризм»**

| **Сөйлеу әрекетінің түрлері** | **Оқылым Жазылым** |
|---|---|
| **Оқу мақсаты** | 6.3.6.1 - тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру<br>6.4.2.1 - эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу |
| **Бағалау критерийі** | - Негізгі мәселені өмірмен байланыстыруда тақырыпқа қатысты сөздерді қолданады<br>-тақырыпқа қатысты құрылымы сақталған эссе жазады |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Жоғары деңгей дағдылары |
| **Орындылу уақыты** | 15-20 минут |

**Оқушының аты – жөні**________________________________________________________

**Сыныбы**______________________________________________________________________

**Оқылым**

**Төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.**

Қолөнер дүние жүзінің әр халқында бар. Сонымен қатар әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді. Қазіргі кезде қолөнер элементтерін үй интерьерінде, киім сәндеу кезінде, бас киімді әшекейлегенде көп қолданып жүр. Қолөнер – ежелден келе жатқан кәсіп. Ол халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Өнер туындыларының иесін шебер деп атаған. Қолөнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданған. Оның орындалу технологиясына да ерекшеліктер енгізіп отыр. Мысалы, ою-өрнекпен әшекейленген бұйымда қатырма жапсыру, моншақтармен, түрлі түсті тастармен безендіру жиі кездеседі. Неше түрлі жібек, жылтыр люрекс жіптері қолданылады. Дегенмен, көне заманнан келе жатқан қазақ қолөнері өз халқының дәстүрлі көркемдік мұрасын сақтап қалған. Сол қолөнердің бір түрі – кесте тігу. Бірақ ерекшелігі – кестені ұсақ моншақпен, кішкене түйме тәріздес долмалақ жылтыр материалмен орындау. Моншақпен тек киімді ғана емес, жаулықтарды, неше түрлі сувенир заттарды кестелеуге, панно тігуге болады. Моншақтардың тесікшелері өте кішкентай болғандықтан, жіңішке ине алған жөн. Жіп моншақпен түстес болу қажет.

**1. Мәтін мазмұны бойынша 2 сұрақ құрастырыңыз.**

| **Сұрақтар** |
|---|
| 1. |
| 2. |

**2балл**

**Мәтіндегі негізгі мәселені анықтаңыз.**

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

**1балл**

**Жазылым**

**2. «Қазақтың зергерлік бұйымдары» деген тақырыпта эссе жазыңыз.**

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

**5 балл**

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор**<br>**Білім алушы** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| Негізгі мәселені өмірмен байланыстыруда | **1** | мәтін мазмұны бойынша 2 сұрақ құрастырады; | **1**<br>**1** |
| сөздерді қолданады | **2** | мәтіндегі мәселені анықтап, бір сөйлеммен береді; | **1** |
| Тақырыпқа қатысты құрылымы сақталған эссе жазады | **3** | эссе құрылымын сақтайды; | **1**<br>**1**<br>**1** |
| | | эссе мазмұнын тақырыпқа сай жазады. | **1**<br>**1** |
| **Барлық балл** | | | **8** |

## 6 сынып. 4-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУЫ

**Ұзақтығы – 40 минут**
Тыңдалым - 10 минут
Оқылым – 10 минут
Жазылым – 20 минут
Айтылым сабақтан тыс уақытта бағаланады (әр білім алушыға 2 минут беріледі)
**Балл саны - 30**
**Тапсырма түрлері:**
Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
Көп таңдауы бар сұрақтар
Толық жауапты қажет ететін сұрақтар
**Жиынтық бағалаудың құрылымы**
Тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент - тыңдалым, екінші компонент - оқылым, үшінші компонент - жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент - айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

### Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

| Тапсырма | Қамтылатын мақсаттар | Тапсырмаларға сипаттама | Тапсырмалар түрлері | Орындау уақыты, мин | Балл |
|---|---|---|---|---|---|
| 1<br>2<br>3<br>4<br>5 | 6.1.5.1 - тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау<br>6.1.1.1 - тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау<br>6.1.3.1 - тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну<br>6.3.3.1 - орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау<br>6.3.4.1 -Мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру | Тапсырма жеке орындалады.<br>Оқушылар тақырыпқа қатысты 110-130 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды.<br>Мәтінді тыңдау барысында мазмұнды түсінуге бағытталған бірінші, екінші және үшінші тапсырмаларда дұрыс 1 жауапты белгілейді.<br>Төртінші тапсырмада мәтінді тыңдау барысында берілген ақпараттардың «шын», «жалған» екенін табады. Мұғалім оқушының мәтін мазмұнын түсінгенін бағалайды. | Көп таңдауы бар сұрақтар<br>Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар<br>Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | 2<br>2<br>2<br>2<br>2 | 1<br>1<br>1<br>1<br>1 |
| 6 | | Тапсырма жеке орындалады.<br>Оқушылар тақырыпқа қатысты 130-150 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Бірінші тапсырмада берілген тұжырымдардан екі «шын» ақпаратты анықтайды. | Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар | 2 | 1 |
| 7 | | | | 2 | 1 |
| 8 | | | Көп таңдауы бар сұрақтар | 2 | 1 |
| 9 | | | | 2 | 1 |

<table>
<tr><td>10</td><td rowspan="3">6.4.3.1 - жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу<br>6.4.1.1 – мәтіндер дің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, өмірбаян жазу<br>6.5.1.7 - себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар-дың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану<br><br>6.4.2.1 - эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу<br><br>6.2.1.1 - тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу</td><td>Екінші тапсырмада берілген сөздердің мәтіннен антоним, синонимін табады. Үшінші<br>Тапсырмада берілген тұжырым сөйлемдерді рет-ретімен орналастырады. Төртінші тапсырмада оқушы берілген сөйлемге қажетті сөзді қойып, толықтырады. Бесінші ашық сұраққа мәтіннің мазмұнын басшылыққа алып жауап береді.<br>Мұғалім оқушының мәтін мазмұнын түсінгенін, сөздік қорын орынды пайдалана алуын, өмірдегі жағдаяттарға өз көзқарасын білдіре алуын бағалайды.</td><td>Толық жауапты қажет ететін сұрақтар</td><td>2</td><td>1</td></tr>
<tr><td>11</td><td>Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі тапсырманың бірін таңдап, жазба жұмысын орындайды. Мұғалім оқушының жазба жұмысында стильді сақтауын, қосымшаларды дұрыс жалғауын, сөйлем соңындағы тыныс белгілерді, себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін орынды қолдануын бағалайды</td><td>Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар</td><td>20</td><td>10</td></tr>
<tr><td>12</td><td>Тапсырма жұпта орындалады. Екі оқушыға бөлімдерге қатысты ортақ тақырып беріледі (тақырып жазылған қағаздарды оқушы өзі таңдайды). Жұптағы оқушылар берілген тақырып бойынша 4 минут диалогке түседі (әр оқушы диалогте 6-8 сөйлем айту керек).<br>Мұғалім оқушының берілген тақырыпты түсініп, соған қатысты жұбына сұрақтар қоюын, сұрақтарға лайық жауап беруін бағалайды. Екі оқушының балы бір-біріне тәуелді емес.</td><td>Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар</td><td>2</td><td>10</td></tr>
<tr><td colspan="4">Барлығы:</td><td>40 минут</td><td>30 балл</td></tr>
</table>

**6 сынып. 4-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУЫ**

**Оқушының аты – жөні**_________________________________________________
**Сыныбы**_____________________________________________________________

**Тыңдалым**

**Зергерлік бұйымдар**

Қазақтардың зергерлік бұйымдары — қазақтардың ұлттық зергерлік бұйымдары, яғни асыл металдарды әшекейлеп өңдеп, көп жағдайда қымбат тастармен безендіріп алынатын бұйымдар.

Тұмарша - ырымдық зат. Оған кез-келген бұйым арнайы жасалған қымбат заттар да алынған, оларға жазу жазылып, бедер суреттер түсірілген. Бойтұмарды алқаға, кішкене қорапшаға салатын болған.

Жүзік сақина әйелдердің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрі – жүзік немесе сақина деп аталады. Зергерлер алтыннан, күмістен құйып, қақтап, соғып, шекімелеп, қара ала жүргізіп шиыршық темірден торлап, небір тамаша өрнектер салып, асыл тас қондырып алуан түрлі жүзіктер жасаған.

Шолпы шаш теңге. Бұл бұйымдарды қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағады. Шаш теңгелер мен шолпылар әсем шиыршықталған күміс үзбе бауларға бекітілген тоғыз теңгеден тұрады.

Шашбау бір-біріне сым үзбелер арқылы бекітіледі. Орталарына асыл тастардан көз қондырылған теңгелер тізбегінен құралады

Білезік сыңар қолға да, қос қолға да тағыла береді. Бірнеше бөлшектен құралған. Соған орай оларды сом білезік, жұмыр білезік, бес білезік деп атайды.

1. **Мәтінде кездесетін сөздерді белгілеңіз.**

А) Қазақ, ақыл, білім
В) Бұйымдар, жүзік, шашбау
С) Адамдар, білім, еңбек
Д) Зерттеу, адамдар, күш

**1 балл**

2. **Мәтіннің негізгі тақырыбын анықтаңыз.**

А) Ұлттық өнер
В) қазақтың тарихы
С) отбасы
Д) білім

**1 балл**

3. **Тыңдалым мәтіні мазмұны бойынша 1 «шын» ақпаратты белгілеңіз.**

| Мәтіндегі ақпараттар | Шын | Жалған |
|---|---|---|
| А Адамдардың өмірін суреттейді | | |
| В Қыс мезгілін суреттейді | | |
| С Ұлттық бұйымдарды суреттейді | | |

**1 балл**

4. **Бос орынға қажетті сөзді қойып, сөйлемді толықтырыңыз.**
**/саусақтарына, шаштарының, қолына /**

Шашбауды қыз-келіншектер ............ ұшына тағады. Жүзік сақина әйелдердің ................. тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрі.

**1 балл**

**5.Сұраққа толық жауап беріңіз.**

**Қазақтардың зергерлік бұйымдарын неден жасаған?**

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________**1 балл**

**Оқылым**

Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі – салауатты өмір салтын сақтау қолдауда. Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулығын сезіну.

Тері тазалығы – адам денсаулығының кепілінің бірі. Ыстық сумен және сабынмен жуынған жағдайда ғана теріні түрлі микробтар мен лас нәрселерден айықтырып, тазартуға болады. Адам терісінің ең өсімтал бөлігі – шаш пен тырнақ. Ол адамның миын күн сәулесі мен суықтан сақтайды. Әр шаштың өзінің өмір сүру мерзімі бар. Шаш сырт көзге өз қалпын сақтап тұрғанға ұқсағанмен, шын мәнінде күніне 100 тал шаш түсіп, 100 тал шығып отырады. Шашты аптасына 1 рет жуған жөн. Өте суық күндері бас киімсіз шығуға болмайды. Қолдың тырнақтарын аптасына 1 рет алса, аяқ саусақтарының тырнақтарын екі аптада бір рет немесе айына бір рет алады.

**1. Берілген тұжырымдарданбір«жалған»ақпараттыанықтаңыз**.

| | Тұжырым | Шын | Жалған |
|---|---|---|---|
| **A** | Адам терісінің ең өсімтал бөлігі- шаш. | | |
| **B** | Күніне адам басынан 100 тал шаш түсіп, қайта шықпайды. | | |
| **C** | Тері тазалығы – адам денсаулығының кепілінің бірі | | |

**1 балл**

**2-3. Мәтіннен берілген сөздердің антоним, синонимдерін табыңыз.**

**Жалған (антоним)-________________________________________________1 балл**

**Зор (синоним) -__________________________________________________1 балл**

**4.Мәтіндегі ақпараттардың ретін көрсетіңіз.**

| Мәтіндегі ақпарат | Реті |
|---|---|
| Өте суық күндері бас киімсіз шығуға болмайды. | |
| Дені саудың – жаны сау | |
| Адам терісінің ең өсімтал бөлігі – шаш пен тырнақ. | |

**1 балл**

**5.Сұраққа толықжауапберіңіз**.

Деніңіз сау, ұзақ өмір сүргіңіз келсе не істер едіңіз?

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________**1 балл**

**Жазылым**

**Берілген тапсырмалардың біреуін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Орфографиялық нормаларға сай жазып, қосымшаларды дұрыс жалғаңыз, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін орынды қолданыңыз.**

**1. Абайды оқы, таңырқа!**

**Сіздер сабақта Абай туралы ақпаратпен таныстыңыздар. Мұғалім Абайдың өмірбаянын жазуды тапсырды. Өмірбаян стилін сақтап жазыңыз.**

**2. Қазақ қолөнері. Қазақ даласында қолөнер ерте дамыған. Қолөнер бұйымдарына не жатады? Қандай түрлерін білесін? Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне сай етіп эссе құраңыз.**

   

**10 балл**

**Айтылым**

**Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұбыңызбен диалог құрастырыңыз (6-8 сөйлем). Диалог құрауда тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңіз.**

**Ұсынылатын тақырыптар**

1. Абай туралы не білесіздер? Айтып беріңіз.
2. «Қолөнер» деген сзді қалай түсінесіңдер?
3. Туған өлкеңнің табиғаты қандай?
4. «Шымбұлақ» курорты туралы не білесің?
5. Ш. Уәлихановтың саяхаттары туралы не білесіңдер?

**10 балл**

## Балл қою кестесі

**Тыңдалым**

**Әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.**

| Сұрақ | Жауап | Балл | Жалпы балл |
|---|---|---|---|
| 1 | В | 1 | 5 |
| 2 | А | 1 | |
| 3 | С Ұлттық бұйымдарды суреттейді | 1 | |
| 4 | Шашбауды қыз-келіншектер шаштарының ұшына тағады.<br>Жүзік сақина әйелдердің саусақтарына тағылатын зергерлік бұйымдардың бір түрі. | 1 | |
| 5 | Қазақтардың зергерлік бұйымдары асыл металдарды әшекейлеп өңдеп, көп жағдайда қымбат тастармен безендіріп жасалған. | 1 | |

**Оқылым**

**Әр дұрыс жауап үшін 1 балл беріледі.**

| Сұрақ | Жауап | Балл | Жалпы балл |
|---|---|---|---|
| 1 | В Күніне адам басынан 100 тал шаш түсіп, қайта шықпайды. | 1 | 5 |
| 2-3 | Жалған – шын<br>Зор – мықты | 1<br>1 | |
| 4 | 1.Дені саудың – жаны сау<br>2.Адам терісінің ең өсімтал бөлігі – шаш пен<br>3.Өте суық күндері бас киімсіз шығуға болмайды. | 1 | |
| 5 | Денім сау, ұзақ өмір сүру үшін тазалықты, дұрыс тамақтануды, күн тәртібін сақтау керекпін. | 1 | |

**Жазылым**

| Балл | Мазмұны мен тіл сапасы |
|---|---|
| 9-10 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры, стилі толық сәйкес келеді. Ойын жүйелі түрде жеткізеді. Лексикалық минимумды қолдануы жоғары, стильдік қолданысы өте дұрыс.<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды өте дұрыс қолданады.<br>Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 7-8 | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанры сәйкес келеді. Ойын жеткізеді.<br>Лексикалық минимумды жеткілікті қолданады, стильдік қолданысы дұрыс.<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды дұрыс қолданады.<br>Елеусіз қателері ойды түсінуге кедергі келтірмейді |
| 5-6 | Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауға тырысқан. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі.<br>Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа.<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда ішінара қателер жібереді.<br>Елеусіз қателер көп, бірақ ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| 3-4 | Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі және қорытынды), жанрын, стилін сақтауы шектеулі. Ойын жеткізуде ауытқулар көптеп кездеседі.<br>Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен.<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда қателері көп болғандықтан, ойды түсінуге кедергі келтіреді. |

| | |
|---|---|
| **1-2** | Мәтін құрылымы (кіріспе, негізгі және қорытынды) мүлдем ескерілмеген. Жазба жұмысы жанрға, стильге сәйкес емес.<br>Ойын жеткізе алмаған.<br>Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі болғандықтан, сөз қайталаулар өте көп кездеседі.<br>Грамматикалық және пунктуациялық тұлғаларды қолдануда өрескел қателер көп болғандықтан, ойды түсіну өте қиын. |

## Айтылым

| Балл | Негізгі ойды ашуы мен сөз қолданысы |
|---|---|
| **9-10** | Тақырыпты және сұрақты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауабы тез әрі орынды. Ойын жүйелі түрде жеткізеді. Лексикалық минимумы мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолданады. Арасында елеусіз қателер жібергенімен, ойды түсінуге кедергі келтірмейді. |
| **7-8** | Тақырыпты және сұрақты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауабын ойланып береді, ойын орынды жеткізеді. Лексикалық минимумы жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс.<br>Орфоэпиялық нормаларды қолданады. Арасында қателер жібереді. |
| **5-6** | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қиналады. Ойын жеткізуде ішінара ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануға тырысады, стильдік қолданысы орташа. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда елеусіз қателер жібереді. |
| **3-4** | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қолдауды қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі, стильдік қолданысы төмен.<br>Орфоэпиялық нормаларды қолдануда қателерді жиі жібереді. |
| **1-2** | Тақырып пен сұрақты түсінуде және күтпеген сұрақтарға, тапсырмаларға жауап беруде қолдауды үнемі қажет етеді. Ойын жеткізуде өрескел көп ауытқулар кездеседі. Лексикалық минимумды қолдануы шектеулі болғандықтан, сөз қайталаулар өте көп. Орфоэпиялық нормаларды қолдануда түсінуге қиындық келтіретін қателер жиі кездеседі. |